
РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА ДОРЕВОЛЮЦИОННОГО ПЕРИОДА

АРИЛЕРДІҢ ДІНИ НАНЫМ СЕНІМДЕРІ

У.Х.Шәлекенов -

т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

Адамзаттың ежелден келе жатқан идеологиясының бірі – діни сенім. Олар қоғамдағы, тұрмыстағы, рухани мәдениетіндегі басынан кешіргендерін, әдет-ғұрыптарды осы сенімі арқылы сәулелендірген. Алғашқы қоғамның қола дәуірінде әлемге әйгілі Арилердің өмірлеріне лайық наным-сенімдері болған «Авеста» кітабының басынан аяғына дейін айтылып отырады. Осы құнды шығармада сәулеленген дінге байланысты оқиғалардың Орталық Азияда болғанын тілге тиек етпекпіз.

«Авестаның» «Таттар және мазмұны, мәні» деген бөлімінде: «Таттарды «Авеста» зерттеушілері әндер, ән айту деп жазған. Шындығында бұл бір Жаратушығына ғана емес, әрбір жанды-жансыздың киелі рухына әртүрлі әдемі мақаммен әндете сыйыну, жалбарыну аяттары болатын. Барлық он жеті таттың қайталануы зороастриялықтардың құдайға құлшылық ғұрыптарына енген».

«Авеста» кітабының қысқаша мәні зороастризм дінін дәріптеуге, оған сыйынып жалбарынуға және Заратуштра пайғамбардан көмек сұрауға негізделген. «Авестадағы» бас құдай Ахура-Мазда болғанымен, табиғаттың әрбір саласы бойынша өз құдайлары болған: Ардвиг-Сур – су мен өнім құдайы; Михр (Митра) – күн құдайы; Бахарам – соғыс пен жеңіс құдайы және осылар тектес құдайлар «Авестада» баршылық. Осының алдындағы бөлімінде Ардвиг-Сур құдайын шаруашылыққа байланысты қарастырдық. Онан кейінгі Михр (Митра) – күн құдайына тоқталайық. Арилердің табиғатқа сыйынушылығы күшті болған. Барлық жан-жәндіктерге, өсімдіктерге, жан-жануарларға, соның ішінде адамға өмір беретін жерге, күнге, жалпы табиғатқа сыйынуы арилердің сана сезімінің жоғары дәрежеде дамығанынан хабар береді. Аттары аталған құдайлардың ішінде Митра – күн құдайы. Арилердің сыйынған күн бейнелері Орталық Азиядағы таулардың, өзендердің жағасындағы жартастарға салынғанын археологтар тауып және зерттеп келе жатыр. Бұл салаға айрықша үлес қосқан белгілі ғалым З.С.Самашев. Ол көп жылдардан бері Қазақстан жеріндегі петроглифтермен айналысып келе жатыр. 1971-1983 жылдары археологиялық зерттеу кезінде Шығыс Қазақстан облысының Ұлан, Күршім, Марқакөл, Зайсан аудандарының жерлерінен көптеген петроглифтер, суреттер тауып, оның нәтижесінде монография жариялады. Олардың ішінде күннің суреті салынған жәдігерлерді тауып, бәрін бір жерге топтап, кесте ретінде жариялаған. Кестедегі жәдігерлердің ішінде 16 санмен берілген свастикалық суреті де орын алған. Бұдан кейінгі жылдарда З.С.Самашев күннің бейнесі салынған петроглифтерді Қазақстанның басқа да аймақтарынан тапты. Олардың саны мол, мазмұны күнді дәріптейтін белгілер. Күнді бейнелеген петроглифтер Балхаш көлінің төңірігінен, Жетісу және Оңтүстік Қазақстан жерлерінен мол мөлшеде табылды. 1999 жылы Жамбыл облысының Шу ауданындағы Жайсан тауының ішіндегі Шатырқұл өзенінің жағасындағы жартасқа салынған петроглифті көріп, суретке салған едім. Ол петроглиф 843 санымен жарияланды.

Жоғарыда келтірілген күн кестегі свастика бейнесінің берілуі кездейсоқ емес. Ертедегі қола дәуірінде өмір сүрген арилер табиғаттың құрылу даңдылығынан хабарлар болып, күннің жерді сағат тілі бойынша солдан оңға қарай айналып тұратынын свастика суреті арқылы бейнелеген және оны өздерінің рәмізі етіп алған. Міне, арилердің күнді дәріптеулері өте жоғары дәрежеде болып, оны өздерінің нышаны етіп алып, тұрмыста кең дәріптеген. Әлемдегі үлкен үш дін: Буддизм, Христиан, Ислам діндері жаратушыны адам етіп бейнелеп, соған сыйынса, ертедегі арилер табиғатқа, күнге, аспанға сыйынғанын өреміз. Бұндай табиғатқа сыйыну сарқыншақтары бізге дейін келіп жеткен. Ислам дінін қабылдағанша түріктер Тәңірді бас құдайы етіп, соған әртүрлі құрмет көрсетіп отырған. Осы күннің өзінде де жасы үлкен

қариялар сөйлескенде «Тәңірім-ай», ««Тәңір сақтасын» деген сөзі «Құдаймен» қатар айтып отыратынын кездестіреміз. Жалпы, табиғатқа, күнге сыйынудың қалдықтары қазақтарда әлі де сақталып келе жатыр. Мысалы, қунақы жылдары қазақтар күнге сыйынып тасаттық беріп, жанбырдың жаууын жалбарынып сұрап жатады. Жаңа туған айды көргенде: «Ай көрдім, ақиретте иман көрдім. Жаңа ай жарылқа, ескі ай есірке» деп жатады. Осындай табиғатқа сыйыну ертеден келе жатқан діни сенімнің жұқаналары бізге жеткенінің түрлері аз емес.

Арилдердің свастика рәміздері салынған бұйымдар, петроглифтер Орталық Азиядан жиі-жиі табылуда. Жоғарыда Алматы қаласының маңынан табылған қазанның бүйіріне салынған свастика таңбасын көрсеттік. Қыштан жасалған ыдыстарда да, әртүрлі бұйымдарда да осы таңба жиі кездеседі.

«Торғай даласындағы свастиканың сыры неде?» деген Төреғали Тәшеновтың мақаласы жарияланды. Онда қазіргі ғарышкер Торғай тегістігінен свастиканың суретін түсіргені туралы айтылған. «Жерде пайда болған геометриялық өрнектер геоглиф деп аталады. «Үш тоғай квадраты» деген атқа ие болған тұңғыш геоглиф қорған тектес 101 көмбеден тұрады. Ал Торғай свастикасының диаметрі 90 метрге жуық. 2008-2009 жылдары Торғай үстіртінен тағы да жеті объект табылған: шаршы, айқыш (крест) тектес үш белгі, 25 төмпешік-көмбеден тұратын алып шенбер.

Әзірге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары бұл белгісіз объектілердің құпиясын аша алған жоқ. Белгілісі барлық құпия көмбелер Торғай мен Обаған өзендерін қиып өтетін Торғай қолатына, яғни Торғай жырасына жақын орналасқан».

Келтірілген жолдардың иесі құнды деректерге көңіл бөлгенімен, оның ғылымға, жаналыққа қызығатындығы байқалады. Көп жылдардан бері Байқоңырдан ұшып жатқан ғарышкерлер тек қана Орталық Азия емес, бүкіл жер шарын айқұш-ұйқыш жоғарыдан суретке түсіріп келе жатыр. Олардың осы еңбектерінде археологияға қажетті осы сияқты деректер көптеп кездесуі мүмкін. Тілекке қарсы, ондай деректерді археологтар айтарлықтай пайдалана алмауда. Торғай кеңістігінен ғарышкерлердің түсірген свастика мен геометриялық төрт бұрышты орасан зор белгілердің тарихи мәні бар. Қазірде бұдан біздің археологтарымыздың хабары жоқ. Торғай кеңістегі, Ұлытау, Сарыарқа Орталық Азиядағы тамаша жерлердің бір бөлегі. Ертедегі қола дәуірінде бұл аймақ арилдердің шоғырланған өлкелерінің бірі ретінде саналады. Олардың сыйынған бас құдайы Митраны жан-жақты дәріптеп, оны өздерінің рәмізіне айналдырған. Жоғарыда тоқталғанымыздай, археологтар жартасқа және археологиялық жәдігерлерге оқыра бояумен свастика белгісі салынған. Бірақ, осынша үлкен көлемде жерді ойып салған свастиканы біз бірінші рет кездестіріп отырмыз.

Ғарышкерлер жоғарыдан свастиканы суретке түсірсе, жер бетіндегі обаларды түсіру оларға соншалықты қиынға соқпасы айқын. Т.Тәшеновтың айтып отырған көп санды төмпештік-көмбелер дегені Қола дәуірінде дүниеден озған адамдардың қабірлері болуы мүмкін. Олар - обалар деп тарихта аталып келе жатыр. Біз назар аударып отырған мақала «Тобыл ойшылы» атты жәдігерге Т.Тәшенов төмендегіше мәлімет береді: «1977 жылы Қостанай қаласы маңынан Тобол өзенінің оң жақ жағалауынан В.М.Елисеев деген механизатор жер жырттып жүріп, екі қолын тізесіне салып, құйрығымен шоқайып отырған адамның тас мүсінің тауып алған. Археолог ғалымдар оған «Тобыл ойшылы» деген ат қойған. Қоңыр граниттен қашалған ер адам көкке қарап ойланып қалған сәті бейнеленген. Биіктігі 20 см, ауырлығы 4 келіден асады. Шамадан тас үлкен басы мойынсыз иыққа орнатылған. Қолдарының саусақтары сызықтармен бедерленген. Мандайы тар, мұрыны кекшиген үлкен де, көздері шүңірек, шымқырған ерні сызықшамен көрсетілген. Құлағы көрінер-көрінбес. Мүсін жақсы сақталған, тек аяқтарының басы шатынаған. 32 жылдан бері ғалымдар жұмбағын шеше алмай отырған «Тобыл ойшылын», біздіңше «Торғай ойшылы» деуге болады», - деп автор ойын аяқтайды.

«Тобыл ойшылы» жәдігерін Т.Тәшенов көзімен көріп, жетік суреттеген. Мақалада бұл мүсін Қостанай олыстық өлкетану мұражайында сақталғанынан хабар береді. Бұл мүсіннен біздің жергілікті археологиялық мамандардың хабары болған. Екі мүсіннің жасалуы бір-біріне ұқсас. Олар қола дәуірінің жоғарғы басқышындағы жәдігерлері екенінде дау жоқ. Қоңыр граниттен қашалып салынған мүсіннің жоғарыдығы көрсетілген сипатына қарағанда, «Авеста» кітабында айрықша дәріптелетін арилдер бас құдайы Күн – Митраның бейнесі салынған жәдігер. Оның құрылысының өзі соны меңзеп тұр. Олар көкке қарап, күнге сыйынып отырған адам екені айқын көрсетілген. Күн құдайдың бейнелеп, оны жан-жақты дәріптеп, мүсіндерін төземді, бұзылмайтын тастан істеп, Күн құдайы Митраның бейнесін мәнгі қалдырған. Осындай құнды тарихи жәдігерлердің көп мөлшерде Орталық Азиядан, әсересе, Орталық Қазақстан жерінен табылуы арилдердің алғашқы пайда болған жері екенін дәлелдейді. Жылма-жыл

жиналып жатқан жазба, археологиялық деректер арилер туралы еуроцентристердің пікірлерін осылай жоққа шығарып келеді.

Т.Тәшенов осы мақаласында XVIII ғасырдағы Жорс Луи Леклер (Бюффон) ғалымның «Табиғи тарих» атты еңбегінен шумерлер туралы үзінді келтірген: «Бұл атты (шумерлерді айтып отыр) алып жүруге лайықты халық» есте жоқ ескі заманда Каспий теңізінде шығысқа таман дүниеге келген. Бұл халық «ғылым мен өнерді, басқа да адамзатқа пайдалы нәрселерді өркендеткені үшін біздің тарапымыздан аса үлкен құрметке лайықты».

Бұл ғалым арилерді дұрыс бағалаған. Осыған жақын пікірді ертедегі ортағасырдағы араб ғұламаларының бірі Мұхамбет ибн-Мансұр Мерверруди: «Тарих мүбаракшах» кітабында түркі елінің шығысы Қытайға дейін, батысы Византияға (Рум), солтүстігі Тога даласына дейін, оңтүстігі Үндістанға дейінгі жерлерді алып жатқанын жазған. Араб тілінен кейінгі түркі тілі өте жақсы және жағымды тіл. Түріктердің жазуы болған. Олар жаратылыстағы құбылыстардың заңдылығын ертеден білген. Балаларын оқытып, сауатын аштырған. Олардың жазуы екі түрлі болған: біреуі соғдыларша, екіншісі оғыз-ғұзектерше. Түріктер хасида және рубайх жазған. Бізге мағынасы өте зор рубайлары жеткен». Бұл ғалым арилердің ертеден өркениетке жеткенің меңзеген. «Авестада» және көптеген тарихи еңбектерде арилерді осылай жоғары бағалаған. Сондықтан да, арилер этносына әлем халықтары сүйіспеншілікпен қарап, өздерін солардың ұрпақтары етуге ұмтылып келе жатыр. Ол туралы осы еңбектің жоғары жағында тоқталғанбыз. Бірақ атты этностар шумерлер емес, олар Орталық Азияның арилері. Олардың атты этностар деп аталуы тегін емес. Өйткені, жылқы малының шыққан жері - Орталық Азия. Арилер Каспий теңізінен шығысқа қарай тарап, Ұлы даланы өзінің Отанына айналдырған. «Авестада» сәулеленген арилердің тарихына тиісті деректер тек Орталық Азиядан табылып жатыр. Ондай мәліметтерді көп көлемде Тигр, Эфрат өзендерінің алқаптарынан кездестіру екіталай.

«Авеста» кітабында құдайларға, соның ішінде Күн құдайы Митраға арнап құрбандық шалу және қайтыс болған адамдарды жерлеу тәртібі сияқты діни наным-сенімдер жиі айтылады. Енді соларға қысқаша тоқталайық. Жоғарыда айтып өткен Ардвиг-Сура құдайына құрбандық шалу үшін әкелген тек қана үй жануарлары: айғыр, сиыр, қой. Ежелден бері бабаларымыз төрт түлік мал – түйе, жылқы, сиыр, қой-ешкі ұстаған. Бір қызықтысы – дүз аң-құстары мен түйе құрбандыққа шалынбаған. Дүз андарының құрбандыққа шалынбау себебі – құрбандық шалынатын қасиетті орынға жануарларды тірі етіп әкелу діннің басты қағидасы. Ал түйенің құрбандыққа шалынбауы неліктен? Зороастризм діні үшін түйе тәңірлік сипаттағы қасиетке ие. Арабтарда түйе құрбандыққа шалынған. Заратуштра бұл ғұрып керісінше. Заратуштра пайғамбардың есіміндегі «кәрі түйе» осы мазмұнға саяды.

«Авестаны» зертеушінің пікірін келтірдік. Мұсылман әлемінде құрбандық шалу осы күнге дейін тұрмыста бар. Оның генезисі алғашқы замандардан басталып, адам баласының эволюциялық алға ілгерілуімен, бұл діни ғұрып өзінің кейбір жақтарын өзгерткенімен, негізгі мәні әлі сақталып келеді. Оның айғағы жылына бір рет өткерілетін Құрбан айт діни мерекеге айналып, бір құдайға сыйынып келе жатыр. Дүз андарын құрбандыққа шалмайтын себебін айттық. Ал зороастролық дінге сыйынушылар түйені құрбандыққа шалмағанын автор діни наным - сенімге негіздеп дәлелдеуге тырысқан болса, неге арабтар түйені құрбандыққа шалғанына дәлел келтірмеген. Біздіңше, зороастризм дінін дәріптеуші арилер төрт түлік малдың көп өсірілетін табиғи - жағрапиялық жағдайда жасап, жылқы, қой, ешкі, сиырларды көп өсірген. Ал, түйе малы құмда, шөл-шөлейт аймақтарда ғана өсіріледі. Әсіресе, Орталық Азияның батыс, орталық, солтүстік және шығыс бөліктерінде түйе аз өсірілген. Сондықтан, түйе малының көп өсірілетін жерінде оның күшін пайдаланып, етін, сүтін тамаққа қолданған. Ал Араб елінің негізгі малы - түйе, қой. Оларда жылқы, сиыр малдары аз өсірілетіні баршаға мәлім. Қазірде де түрік тілдес халықтар түйені де, жылқыны да құрбандыққа шалмайды. Яғни, тек аша тұяқты жануарларды ғана шалады. Бұл ислам дініне байланысты.

«Авеста» бойынша арилердің қайтыс болған адамдарын жерлеу салтына көңіл аударайық. Марқұмдардың қоғамдағы атқарған қызметіне байланысты зираттары үлкенді-кішілі обалардан құрылған. Қайтыс болған адамның денесін обаның қақ ортасына орналастырып, оның қасына өзінің жеке меншігіндегі дүниелері мен қару-жарақтары, мінген атының денесі қойылған. Бұларға қосымша, атақты адам болса, оның әйелдерінің біреуін өлтіріп, денесін қымбатты заттармен және екі тегершікті алтыннан соғылған күйме арбаны қоса жерлеген. Бұндай адамдардың обалары үлкен болып, басқалардан ерекшеленіп көрінеді.

Арилердің мұндай обалары Орталық Азияда және Қара теңіздің солтүстік кеңістігінде өте көп сақталған. Тек Қазақстан кеңістігіндегі сақталған обалардың көптігі сонша, олардың санын есептеп

шығару мүмкін емес. Себебі, сонша жылдардан бері тұрған обалардың кішігірімдері жермен-жексен болып, диқандар оларды егістік даласына айналдырып жіберген. Басқасын айтпағанда, тек XX ғасырдың ортасында тың жерлерді игеру кезінде 25 млн. га. жер жыртылған уақытта, көптеген су қоймаларын салғанда қанша обалардың жоқ болып кеткенін ешкім айта алмайды. Солай болса да, Қазақстанның кең байтақ жерінде сақталып қалған обалар әлде де баршылық.

Енді осы обалардың зерттелу кезіндегі сырларының ашылуына тоқталайық. Солохо обасы - Украина Республикасының Запорожье облысында, Б.Знаменко селосының оңтүстік-шығысында 12 км. жерде орналасқан. 1912-1913 жылдары оны Н.И.Веселовский зерттеген. Биіктігі 18 м обадан екі патша бейіті табылған. Табытқа патшамен бірге екі малайы қойылған. Обадан қару-жарақ, әшекей бұйымдары, күміс ыдыстар, т.б. шыққан. Ең құндысы - алтын тарақ және күміс алқа.

Берел обасы - Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауданындағы елді мекенің солтүстік-шығысында 80 км. Ақбұлақ өзенінің Бұқтырмаға құяр сағасында орналасқан қола, темір дәуірлерінің ескерткіші. 31 обадан тұратын Берел кешені Алтай тауына орналасқан. XIX ғасырдың ақырында Ресей ғалымдары Берел ескерткішін зерттей бастаған. Бірақ бұл ескерткішті кең көлемде тұрақты археологиялық зерттеу белгілі ғалым З.С.Самашевтың басшылығымен жүргізіліп келеді. Осы ұзақ уақытта Берел ескерткішінің сырын ашып, кең көлемде оның нәтижелері мақалаларда, арнайы монографияларда жарық көрді. Сондықтан көпшілік оқырмандарға бұл ескерткіш таныс болғандықтан тек одан сол кезеңдегі жерлеу тәртібін бойынша табылған жәдігерлерді келтірейік: «Тоң қабатында адам мен жануарлардың қалдықтары, органикалық материалдардан жасалған заттар жақсы сақталған. Молада отыз-отыз бес шамасындағы ер адам мен одан егделеу әйел жерленген. Екеуі де осы өңірде шамамен 2400 жыл бұрын өмір сүрген халықтардың ең мәртебелі кісілері болған. Ер адамның қос бұрымдап өрген шашы мен мұрты, сондай-ақ асыл тастармен және алтынмен әшекейленген былғары тонының жұрнақтары сақталған. Қайтыс болған патшаның о дүниедегі жанына арнайы қосып көмген 13 жирен атының мүрдесі тоңның астында бүкіл әбзел-әшекейлерімен сақталған».

Берел обаларынан археологтардың тапқан жәдігерлері адамды таң қалдырады. Олар мәңгі тоңның арасында ғасырлар бойы жатса да, өздерінің алғашқы сапаларын бірқанша сақтаған. Адамдардың бұйымдары, жануарлардың денелері өздерінің алғашқы қасиеттерінен хабар беретін бөліктері бізге жеткен. Бұл тамаша ескерткішті көп жылдар бойы зерттеп келе жатқан З.С.Самашевтың мына жұмбақтау пікірін сол күйінде келтірейік: «В целом находки, сделанные в II-м кургане Берель, является не только уникальными, но представляют собой выдающееся открытие мирового уровня и, безусловно, внесут существенный вклад в развитие мировой культуры».

Біз бұл келтірілген пікірге қосыламыз. Сонымен бір қатарда Берел обасындағы адамдарды жерлеу әдет-ғұрпы арилердің осындай дәстүрін тура қайталап тұрғанын кездейсоқ деуге аузымыз бармайды. Бұл ескерткіш қола мен алғашқы темір дәуіріне жатқанымен, қола дәуірінің жоғарғы кезеңінде жасаған арилердің әдет-ғұрпының Орталық Азия этностарының арасында жалғасып келе жатқанын сәулелендіреді және Алтай өңірінде де арилердің жасағанын дәлелдейтін құнды деректер екенін айрықша айтамыз.

Есік обасы - Алматы қаласының шығысында 6 км жерде, Есік қаласының солтүстік жақ шетіне, Есік өзенінің сол жақ – 1970 жылдары К.А.Ақышевтың басшылығымен археологиялық жұмыстар жүргізіліп, оның сырын ашқан. Қазба жұмысының барысында обаның ортасы мен бүйірінен екі қабір ашылған. Оның біріншісі тоналып бүлінген. Ал екіншісі алғашқа жағдайын сақтаған. Ол жерден Тянь-Шань шыршасының бөренелерінен соғылған табыттың (аумағы 3,3x1,9 м) ішінде шамамен 17-18 жасар жауынгердің денесі табылған. Б.з. б. V- IV ғасырларға жататын Есік обасының 4000 астам бұйымдар табылды. Бұлардан басқа қоладан, күмістен жасалған бұйымдармен бір қатар жазуы бар күміс тостаған табылып, оған «Есік жазуы» деген ат қойылған.

Қорытта айтқанда, Есік обасынан табылған жәдігерлер өздерінің жасау жағынан өте жоғары сапалы болып, көрермендері таң қалдырады. «Есік қорғанынан табылған алтын әшекейлер әр алуан тәсілмен жасалған: соғу, штамптау, ою, балқыту, соғып алтындау, жалтырату, әсем түйіршіктермен және пастамен безендеру, т.б. тәсілдерді қолданған», - деп бұл жұмысты бастап, оны халыққа жеткізуде зор еңбек еткен К.А.Ақышев осылай жазған болатын. Бұл ескерткіштен шыққан жәдігерлерді мамандар жан-жақты зерттеп, қайта жаңғыртып, оған «Алтын адам» деген ат қойып, әлемді аралатып шықты. Қазіргі кезде осынша құнды деректерді берген Есік обасын, онан шыққан «Алтын адам» білмейтіндер шамалы шығар. Есік обасынан табылған жәдігерлерді археологтар темір дәуіріне жатқызғанымен, бұл ескерткіштегі дүниеден озған адамдарды арилер сияқты әдет-ғұрыптармен жерленгенін байқаймыз.

Шілікті обасы - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аумағындағы Маңырақ және Тарбағатай таулы жотасының аралығындағы ұзындығы 80, ені 30 шақырым кеңістікті алып жатқан жазықтықта орналасқан. Табиғаты тамаша. Жазықтықта 50-ден астам үлкен және орташа, кіші барлығы 300-ден астам обалар бар. 1949, 1959 және 1962 жылдары Ленинградтан келген археологтар 13 обада зерттеу жұмыстарын жүргізген. Тек 2003 жылдан бері тұрақты археологиялық зерттеуді Шілікті обаларында Қазақ ұлттық университетінің мамандары жүргізіп келе жатыр. Олар екі үлкен және бірнеше шағын обаларда қазба жұмыстарын жүргізген. Солардың ішінен «Бәйгетөбе» деп аталатын үлкен оба тамаша жәдігерлер берді. Оның биіктігі 7,9 м, диаметрі оңтүстіктен солтүстікке қарай 99 м, шығыстан батысқа қарай 97,4 м. Осы обада қарағайдан соғылған табыттың ішіне қойылған адамның қаңқасы түгелімен сақталған. Оның қасынан қымбат жәдігерлер табылған. Оларды осы зерттеуді басқарушы Ә.Т.Төлеубаевтың жазғанынан келтірейік: «Бәйгетөбе обасынан барлығы 4303 дана алтын заттар табылды. Оның 153 данасы мәлінің маскасы бейнесінде, 36 данасы бүркіт-самұрық, 20 данасы бұғылар, 39 данасы қасқыр түрінде, бір түйме-қаптырма бес жұлдыз, бір қаптырма арқар бейнесінде. Сонымен қатар, 23 дана қоңырауша түріндегі, 63 дана кеңірдекше, 17 дана алтын тілікше, 7 дана алтын сым, 141 дана жартышар сияқты салпыншақтар, 2835 дана миниатюралық құлақшалы кесеге ұқсас салпыншақтар, 223 ұсақ кеңірдекше тізбе, 743 шығыршық тізбе және бір дана кішкене қапсырма шеге табылды».

Осынша алтыннан жасалған бұйымдармен жерленген адамның қарапайым тұлға еместігі өзінен-өзі анық болып тұр. Аттары аталған асыл жәдігерлердің иегері өз заманының ірі бай адамы болуы керек. Ол өзінің өмірінде қолы жеткен асыл бұйымдарды тырнақтай жинаған сияқты көрінеді. Оның қоғамдағы дәрежесін мамандар алдағы уақытта анықтай жатар. Табылған жәдігерлердің арасында бір түйме – қаптырмада бесжұлдыз бейнеленген жәдігер бар. Бұл көңіл аударарлық бұйым. Оның мәні әлі белгісіз болып келеді. Біздің пікірімізше, бұл бесжұлдыз әлемдегі бес құрлықты бейнелеген. Арилер табиғатты, жағрапияны жетік білгендіктен свастика сызығы арқылы Күннің жерді айналатынын белгілеген ғой. Олай болса, олар жер шарының бес құрылықтан құралғанын білмеуі мүмкін емес. Олар сол құрылықтарды иеленуді өздерінің басты мақсаты дегенге келеді.

Шіліктідегі Бәйгетөбеден шыққан жәдігерлердің арасында бір ғана адамның қаңқасы шыққанымен, бұл марқұмды жерлеу салтында арилердің әдет-ғұрпы сақталғанын байқаймыз. Арилерде дүниеден озған адамдарының жеке мүліктерімен, жинаған асыл бұйымдарымен жерлегені баршаға мәлім. Орталық Азия - арилердің отаны атты мақаламызды аяқтай келіп, төмендегі тұжырымға келдік. Ғасырлар бойы еуроцентристер арилерді тек лингвистикалық деректерге негізделіп, өздерін солардың ұрпақтарымыз деп, қағаз бетін толтырса да бұл проблеманы шеше алмай келе жатыр. Өйткені, олар «Авеста» кітабының тек лингвистик бөліміне ғана сүйеніп, жазбадағы басқа құнды деректерге көңіл бөлгісі келмеген. Ондай деректер еуроцентристердің пікірлеріне қайшы келген.

Арилердің бізге қалдырып кеткен қазірше бірден-бір жазба дерек болып саналатын «Авеста» кітабына негізделіп, арилердің кір жуып, кіндік кескен жері Орталық Азия және Солтүстік Кавказ бен Қара теңіздің солтүстік даласы болғаны туралы пікір айттық. Ол ойымызды дәлелдейтін деректерді Авестаға негіздеп баяндадық.

«Авеста» кітабында көрсетілген ономастикалық жер, су аттары Орталық Азиядан табылып жатыр: Қаратау, Тұран елі, Әмудария, Сырдария, Еділ, Дон, Орал өзендері, Каспий, Арал теңіздері, Балхаш көлі, Алтай таулары және т.б. табиғи-жағрапиялық жер атаулары. Арилердің шаруашылығы кешенді болғаны тілге тиек етілді. Олар төрт түлік малдың бәрін өсірген. Соның ішінде жылқы мен сиыр көп өсірілген. Жылқының алғашқы өрбіген жері Орталық Азия, әсіресе, Қазақ даласы болғаны туралы жазба деректерді келтірдік. Бұл екі мал ежелден отырықшылық жағдайға бейімделген. Олар суы мол, шөбі шүйгін жерлерде жақсы өседі. Бұл пікірді археологиялық зерттеулер дәлелдеп келеді.

Арилер қола дәуірінің жоғарғы кезеңінде белгілі этностар болып, қола мен алтынды мол иелеп, оларды көршілеріне таратқаны туралы жазба, археологиялық деректерге негіздеп жаздық. Ежелден түсті металдардың отаны Орталық Азия болғаны қазір баршаға мәлім. Қол өнер кәсібі де бұл аймақта дамып, алтыннан, қоладан арилер тамаша бұйымдар жасағанын археологиялық зерттеулер көрсетіп отыр.

Егіншілік бұл аймақта қолдан суару арқылы және жаңбырдың, қардың ылғалымен өсірген. Орталық Азияда қолдан суару арқылы жүргізілген егіншілік Мысыр, Алдыңғы Азия елдерімен бір қатарда болғанын археологиялық зерттеулер арқылы дәлелденгеніне тоқталдық. Орталық Азия кеңістігінде төрт түлік мал көп өсірілген. Әсіресе, Қазақ даласында. Қазірде де бұл аймақта мал аз өсірілмейді. Бұдан көшпелілік пікір келіп шықпауы керек. Ежелден малды бағатын мамандар болған: жылқышы, сиыршы, түйеші, қойшы. Малы көп адамдар соларға бақтырған. Өздері отырықшы, жартылай отырықшылық өмір

сүрген. Орта шаруалар мен кедейлер өз малдарын өздері баққан. Малды өсіру үшін барлық халықтың көшіп жүруі шарт емес.

Арилердің наным-сенімдері мен діни әдет-ғұрыптары «Авестада» бастан-аяқ айтылып отыр. Міне, осы рухани мәдениеті Орталық Азияны мекендеген этностардың арасынан кең орын алған. Мысалы, құрбандық шалу, жерлеу әдет-ғұрпы. Арилердің осы сияқты әдет-ғұрыптары Орталық Азия түріктерінің тұрмысында кең тараған. Ондай деректерді жылма-жыл археологтар обалардан тауып жатыр. Бұндай обалар Қазақстанда кең көлемде зерттелуде. Олардың барлығына тоқталып шығу мүмкін болмағандықтан, тек ең ірілерінен мысал ретінде келтірдік. Түріктердің ежелгі көршілерінен мұндай обаларды табу оңай емес. Осы жоғарыдағы деректерге сүйене отырып, арилердің Отаны - Орталық Азия деген тұжырымға келеміз.

Резюме

Данная статья – завершающая третья часть, посвященная ариям, написана на основе достоверных археологических, литературных и материальных источников. В ней рассматриваются материалы, касающиеся вероисповедания ариев Казахстана.

Summary

Given article - a last third part, denoted ariam, is written on base reliable archeological, literary and material sources and is dedicated to faiths ary Kazakhstan.

ИЗ ИСТОРИИ ПОВСЕДНЕВНОСТИ ЖИТЕЛЕЙ УЕЗДНЫХ ГОРОДОВ СТЕПНОГО КРАЯ в конце XIX - начале XX века

Р.С. Буктугутова –

д.и.н., доцент, заведующая кафедрой СГД

Кокшетауского института экономики и менеджмента

Добрососедские казахстанско-российские отношения своими корнями уходят вглубь веков. Как свидетельствуют исторические документы, в развитии казахстанско-российских отношений в конце XIX – начале XX вв. важную роль играли Омск и другие уездные города Северного и Восточного Казахстана, расположенные на территории Степного генерал-губернаторства (широко распространенное неофициальное название Степной край).

Развитие уездных городов Степного края, наряду с общими чертами, имело известную специфику по сравнению с городами европейской части Российской империи. В основе образования здесь городов лежало не отделение ремесла от земледелия, а перемещение в Степной край населения из внутренних российских губерний. Уездные города возникали на земле, которая после принятия казахским населением подданства России, была объявлена государственной собственностью. Значительный срок они выполняли преимущественно административные функции и лишь после проведения транссибирской железнодорожной магистрали в середине 90-х годов XIX в. в них начинает достаточно заметно развиваться торговля и промышленность, растет численность населения, изменяется культурный облик городских поселений.

Изучение истории уездных городов Степного края в конце XIX – начале XX вв. позволит представить как менялись хозяйственная жизнь и культурный облик городских поселений, под влиянием каких факторов происходили эти изменения, какое значение они имели для населения городов и округа. Важное значение имеет также выявление как общих черт, так и своеобразия социально-экономического и культурного развития уездных городов данного региона. Это даст возможность более детально проследить их историю и подготовить в известной мере основу для написания обобщающих работ.

Разработка проблемы представляет интерес и в практическом плане. В современных условиях исторический опыт функционирования системы городского управления, развития торгово-промышленной и социально-культурной сферы, проведения налоговой политики в малых городах может быть использован в деятельности органов местного самоуправления. Все это вместе взятое – показатель актуальности и научной значимости избранной для изучения темы.